

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

EAC

**ЭЛЕКТРЛІК
СУЖЫЛЫТҚЫШ**

WH-ER030MNAN/W

WH-ER051MNAN/W

WH-ER081MNAN/W

WH-ER101MNAN/W

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

ЭЛЕКТРЛІК СУЖЫЛЫТҚЫШТАР

Сізден талонды барлық кепілдік мерзімі бойына сақтауыңызды сұраймыз. Бұйымды сатып алған кезде кепілдік талонының толтырылуын талап етіңіз. Сізден кепілдік талонын толтырмас бұрын сужылытқышты қарап шығуды және жиынтықтың түгел екендігін тексеруді өтінеміз. Бұйымның сыртқы түрінің механикалық зақымдануы мен жинақтаманың түгел болмауы бойынша наразылықтар сатылғаннан кейін қабылданбайды. Кепілдік жөндеу үшін сатып алу күні көрсетілген чекпен бірге үзік талонды көрсетіңіз. Бұл талонды көрсетпесеңіз, ол қате толтырылған немесе сатушы ұйымның мөрі болмаған жағдайда, сапасына қатысты наразылық қабылданбайды және жөндеу жүргізілмейді.

Үлгісі _____

Үлгі коды _____

Сериялық нөмірі _____

Сатушы ұйым _____
(сатушы-касіпорынның атауы, орналасқан жері мен мөрі)

Тексерді және сатты _____
(сатушының ТАӘ, қолы)

Сатылған күні _____ 20__ жыл

Кепілдік шарттарымен келісемін _____
(сатып алушының ТАӘ, қолы)

1. Кепілдік мерзімі

Барлық сужылытқыштарға кепілдік мерзімі - 1 жыл.

2. Кепілдік қызмет көрсету шарттары

Бұл кепілдік талоны қарастырылған шарттарды сақтаған жағдайда сужылытқыш пен оның құрамдас бөліктерін тегін кепілдік жөндеу құқығын береді. Кепілдік жөндеу авторизацияланған сервистік орталықтың тарапынан сужылытқыш орнатылған жерде жүзеге асырылады, ол туралы ақпарат осы талонға қосымшада берілген. Ол болмаған немесе дұрыс емес болған жағдайда, сонымен қатар сервистік орталық кепілдік шарттарын бұзған жағдайда Сіз сауда ұйымына немесе өндіруші-компанияның өкілдігіне жүгіне аласыз. 1-т. көрсетілген кепілдік мерзімдері бұйым сатылған күннен бастап саналады.

Бұйымды сату күні кепілдік талонында және сатып алу чегінде көрсетіледі.

Талонда немесе чекте сату күні болмаған жағдайда, кепілдік мерзімі бұйымды жасау сәтінен бастап саналады. Сужылытқыштың жасалған күні мен техникалық сипаттамалары бұйым корпусында орналасқан сәйкестендіру тақтасында көрсетілген.

Тұтынушыға төмен сапалы сужылытқыштар мен олардың құрамдас бөліктерінің орнына берілген сужылытқыштар және олардың құрамдас бөліктеріне қатысты кепілдік мерзімдері алмастырылған сужылытқыш немесе құрамдас бөлігіне орнатылған кепілдік мерзімінің соңғы күні өтеді.

Магний аноды шығыс материалы болып табылады және кепілдік бойынша алмастырылуға тиесілі емес.

3. Бұйымның қызмет ету мерзімі

Орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтаған жағдайда қызмет ету мерзімі кем дегенде 3 жылды құрайды.

4. Кепілдік мерзімін мерзімінен бұрын тоқтату

Кепілдік мерзімі бір немесе бірнеше жағдайлар орын алған жағдайда 1-т. көрсетілген уақыт өткенге дейін тоқтатылады:

- Тұтынушының бұйымды орнату, сақтау, тасымалдау және пайдалану ережелерін бұзуы;
- Магний аноды 24 айдан асатын мерзімде алмастырылмаған немесе магний анодының қалдық көлемі бастапқыдан 30%-дан аз көлемді құрайды (тот баспайтын болаттан жасалған суқұрамды ыдысқа кепілдік мерзімдерінен бөлек);
- Бұйымның жұмысқа қабілеттілігін бұзатын өз бетінше жөндеу және қосалқы бөліктерді алмастыру;
- Орнату орнынан сұжылытқышты өз бетінше бөлшектеу. Істен шыққан сұжылытқышты қарап шығу, сапасын тексеру және сараптау жұмыстары тек бұйым орнатылған орында өндірушінің авторизацияланған сервистік орталығымен орындалады;
- Бұйымға механикалық зақым келтіру;
- Электрмен немесе сумен жабдықтау желілері параметрлерінің қолданыстағы нормалар мен стандарттарға сәйкессіздігі;
- Бұйымды мақсатына сай пайдаланбау;
- Бұйымның корпусында сериялық нөмірі бар сәйкестендіру тақтасының болмауы;
- Қысым редукторының сақтандырғыш клапанының алдында 5 бардан жоғары болатын су өткізгіш желі қысымы кезінде судың болмауы;
- Тікелей сұжылытқышқа кірер жерде сақтандырғыш клапанның болмауы, оның зақымдануы немесе қоқыстануы;
- Сұжылытқыштың суқұрамды ыдысында электрлік потенциалдың болуы.

5. Қосымша ақпарат

Сатып алынған қондырғыны орнату және үнемі сервистік қызметке ие болу үшін біздің сервистік орталықтарымыздың қызметтерін пайдалануды ұсынамыз. Сервистік орталықтарымыздың желісі арқылы сұжылытқышқа қосалқы бөлшектерді және құрамдас бұйымдарды сатып алуға, сонымен қатар қажетті техникалық кеңес алуға болады.

Жеткізу жинақтамасы:

- Сұжылытқыш;
- Сақтандырғыш клапан;
- Кронштейн;
- Орнату және пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
- Кепілдік талоны;
- Зауыттық қаптама.

Бұйымды орнату және пайдалану алдында қоса берілетін нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Өндіруші: «Аристон Термо Русь» ЖШҚ, Ресей, 188676, Ленинград облысы, Всеволожский ауданы, Всеволожск қ., Өнеркәсіптік аймақ, Всеволожск қаласының өндірістік аймағы, Индустриальная к-сі., №9-үй, А лит. корпусы

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорртаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Білікті техникалық кеңес алу және кепілдік қызмет көрсетуге ие болу үшін DEXP кез келген сервистік орталығына жүгінген жөн.

Сервистік орталықтар мекенжайларының толық тізімін келесі мекенжай бойынша нақтылауға болады:

<http://www.dexp.club/Srvs>

Көп арналы қолдау телефоны: 8 (800) 7707 999



DEXP ҮЗІК ТАЛОН 1

Үлгісі		Сатушы мөрі
Сериялық нөмірі		
Сатылған күні		
Сатушы-фирма		



DEXP ҮЗІК ТАЛОН 2

Үлгісі		Сатушы мөрі
Сериялық нөмірі		
Сатылған күні		
Сатушы-фирма		



DEXP ҮЗІК ТАЛОН 3

Үлгісі		Сатушы мөрі
Сериялық нөмірі		
Сатылған күні		
Сатушы-фирма		



DEXP ҮЗІК ТАЛОН 4

Үлгісі		Сатушы мөрі
Сериялық нөмірі		
Сатылған күні		
Сатушы-фирма		





Қабылдау күні	
Берілген күні	
Ақау	
Орындалған жұмыс	
Шебер (Т.А.Ә.)	

Сервистік орталық мәрі



Қабылдау күні	
Берілген күні	
Ақау	
Орындалған жұмыс	
Шебер (Т.А.Ә.)	

Сервистік орталық мәрі



Қабылдау күні	
Берілген күні	
Ақау	
Орындалған жұмыс	
Шебер (Т.А.Ә.)	

Сервистік орталық мәрі





Қабылдау күні	
Берілген күні	
Ақау	
Орындалған жұмыс	
Шебер (Т.А.Ә.)	




Сервистік орталық мәрі














ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

1. Бұл нұсқаулық сужылытқыштың жеткізу жинақтамасына кіреді. Нұсқаулықты аспапты басқа пайдаланушыға беру және/немесе басқа пайдалану орнына жылжыту мақсатында қолжетімді жерде сақтаңыз.
2. Берілген нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Нұсқаулықта сужылытқышты орнату, пайдалану және қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы қажетті ақпарат бар.
3. Аспапты монтаждау пайдаланушы есебінен орындалады.
4. Аспапты мақсатынан тыс пайдалануға үздік-кесілді тыйым салынады. Өндіруші-фирма берілген нұсқаулықтың талаптарын орындамау нәтижесінде орын алған ақаулықтар үшін жауапкершілікке ие болмайды.
5. Монтаждау және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық жұмыстарды қолданыстағы нормалар мен ережелерге сәйкес, сонымен қатар өндіруші-фирма талаптарына сәйкес білікті маман орындауы тиіс.
6. Қате орнатылған аспапты пайдалану жарақаттарға және мүліктің бұзылуына әкелуі мүмкін. Өндіруші қондырғыны дұрыс емес монтаждаудың нәтижесінде пайда болған ақаулықтар үшін жауапкершілікке ие болады.
7. Қаптама материалдарын (қысқыштарды, полиэтилен қалталарды, пенополистиролды және т.б.) балаларға қолжетімсіз жерде сақтаңыз. Қаптама материалы денсаулыққа зиян.
8. Оларда өмірлік тәжірибесі немесе білімі болмаған кезде, егер олар бақылауда болмаса немесе олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлға аспапты пайдалану туралы нұсқаулық бермеген болса, аспап физикалық, сезімдік немесе ақыл-ой қабілеттері төмен адамдардың (соның ішінде балалардың) пайдалануына арналмаған.
9. Егер Сіздің аяқ-киіміңіз жоқ немесе Сіздің қолдарыңыз және/немесе аяқтарыңыз су болса, аспапты ұстамаңыз.
10. Жөндеу жұмыстарын өндіруші-фирма өндірген қосалқы бөлшектерді пайдалану арқылы білікті маман орындауы тиіс. Бұл талапты сақтамаған жағдайда өндіруші өзінен кепілдік міндеттемелерді алып тастайды.
11. Ыстық су температурасы артық ысып кетуден қорғаныс функциясын орындайтын термостатпен реттеледі.
12. Сумен жабдықтау «Гидравликалық қосылыс» тармағына сәйкес орындалуы тиіс.
13. Электрлік монтаждау «Электр қосылысы» тармағына сәйкес орындалуы тиіс.
14. Жинақтамаға кірмеген болса, қолданыстағы талаптар мен нормаларға сәйкес келмейтін сақтандырғыш клапанды түрлендіруге немесе басқасына алмастыруға қатаң түрде тыйым салынады.
15. Тез жанғыш заттарды қондырғыға тікелей жақын жерде сақтамаңыз.
16. Сужылытқыш тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі электр аспабы болып табылады.
17. Егер электрлік сужылытқышты орнату тұрғын үйлерде тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды қайта жабдықтауға (қайта құруға) алып келетін болса, онда оны тек бекітілген тәртіптегі сәйкес рұқсаттарды алғаннан кейін ғана жүргізуге рұқсат етіледі.
18. Сужылытқышты көлік құралының ішінде ықтимал соққыларды, жылжуларды және құлауды болдырмау үшін сенімді түрде бекіте отырып, (моделіне байланысты) тік немесе көлденең күйде кез келген жабық көлік түрімен тасымалдау қажет.
19. Сужылытқышты тиеп-түсіру жұмыстары кезінде соққылы жүктемелерге ұшыратуға жол берілмейді.
20. Тасымалдау кезінде қаптаманы қысқыштармен ұстау қажет болған жағдайда,   белгісі орналасқан қаптаманың бүйірлік жақтарынан ұстаған жөн.
21. Бұйымдар сақталатын қоймалық үй-жайларда +5°C бастап +40°C дейінгі ауа температурасы және +25°C кезінде ауаның 80% салыстырмалы ылғалдылығы қамтамасыз етілуі, төмен температурада ылғал конденсациясыз болуы тиіс.
22. Бұйым атмосфералық жауын-шашынның әсерінен қорғайтын қоймалық үй-жайларда, ауада қышқылдар, сілтілер мен өзге қоспалардың булары болмаған жерде қаптамада сақталуы тиіс.





НҰСҚАУЛЫҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТАҢБАЛАР

Таңба	Мәні
	Бұл талаптарды сақтамау ауыр жарақаттарға, тіпті өлімге әкелуі мүмкін
	Бұл талаптарды сақтамаған жағдайда мүлікке, өсімдіктерге немесе жануарларға зиян келтірілуі мүмкін
	Жалпы қауіпсіз пайдалану талаптары мен ережелері

ЖАЛПЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

№	Ереже	Қауіптілік	Таңба
1	Сужылытқыштың корпусын аспаңыз	Электр тоғымен зақымдану. Ыстық компоненттерге тиген кезде күйіп қалу. Өткір жиектері мен шығыңды жерлеріне тиген кезде жарақат алу	
2	Розеткаға желі ашасын тығу немесе суыру кезінде сужылытқышты қоспаңыз және сөндірмеңіз. Ол үшін сөндіргішті пайдаланыңыз	Кабель, аша немесе розетка зақымданған жағдайда электр тоғымен зақымдану	
3	Электр қуатының кабелі бұзылған сужылытқышты пайдаланбаңыз	Оқшаулануы бұзылған кернеулі сымдарға тиген кезде электр тоғымен зақымдану	
4	Сужылытқышқа өзге заттарды қоймаңыз	Сужылытқыштың дрілдеуі нәтижесінде заттардың құлауынан жарақат алу	
		Дріл нәтижесінде өзге заттар түскен кезде оның астында орналасқан аспаптың немесе заттардың зақымдануы	
5	Сужылытқыштың үстіне тұрмаңыз	Аспап құлаған кезде жарақат алу	
		Аспап құлаған кезде оның астындағы аспаптың немесе заттардың зақымдануы	
6	Сужылытқышты тазарту алдында ашаны розеткадан суырып немесе желілік сөндіргішті ажыратып, сужылытқышты электр қуаты желісінен сөндіріңіз	Электр тоғымен зақымдану	
7	Аспапты дрілдің күшеюіне жағдай жасайтын берік қабырғаға бекітіңіз	Жоғары шу деңгейі	
8	Электр қосылыстары үшін сәйкес қималы желілері бар кабельдерді пайдаланыңыз	Егер желілер қимасы жеткіліксіз болса, онда кабельдер қатты қызып кетеді. Бұл өртке алып келуі мүмкін	
9	Аспапты іске қоспас бұрын барлық басқару және қорғаныс құралдарының қалыпты жұмыс істеп тұрғанына және жұмыс күйінде екеніне көз жеткізіңіз	Ақаулы немесе реттелмеген басқару жүйесімен жұмыс істеу нәтижесінде аспапты сөндіру немесе зақымдану	

ҚОСЫМША ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

10	Сужылытқышты жылжыту алдында ыстық суды төгіп тастаңыз	Күйіп қалу	
11	Сужылытқышты қақпан тазарту жұмыстары тиісті құжатта келтірілген нұсқауларға сәйкес орындалады. Үй-жай жақсы желдетілген болуы тиіс. Жұмысты әр түрлі компоненттердің араласуын болдырмай, қорғаныс киімінде орындаған жөн. Сужылытқыш пен оған жақын орналасқан нысандар тазартқыш құралдардың түсіп кетуінен қорғалған болуы тиіс	Қышқылдардың теріге немесе көзге тиіп кетуі салдарынан, сонымен қатар химиялық заттардың зиянды буларымен тыныс алу салдарынан жарақат алу	
		Қышқылдармен өзара байланысудан болған коррозия салдарынан аспаптың немесе қоршаған нысандардың зақымдануы	
12	Сужылытқышты тазарту үшін жәндікқойғыларды, ерігіштерді немесе агрессивті құралдарды пайдаланбаңыз	Пластик пен боялған бөліктердің зақымдануы	

Сізді DEXR сауда белгісімен шығарылатын электрлік сужылытқышты сатып алуыңызбен құттықтаймыз. Бұл қондырғы еуропалық сапа стандарттарына сәйкес әзірленген және бекітілген техникалық сипаттамаларға сәйкес келеді. Сужылытқыш қолдануына қарапайым, жоғары тұтынушылық қасиеттерге және пайдалануға ұзақ мерзімділікке ие. Сіз оның жұмысына риза боласыз деп үміттенеміз.

Сізден сужылытқышты дұрыс орнату мен пайдалануды қамтамасыз ету үшін берілген нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз.

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1.1. Жеткізу жинақтамасы және мақсаты

1.1.1. Сужылытқыш

1.1.2. Сақтандырғыш клапан

1.1.3. Кронштейн

1.1.4. Орнату және пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1.1.5. Кепілдік талоны

1.1.6. Зауыттық қаптама

Бұл аспап гимараттардың ішінде, тұрмыстық және шаруашылық үй-жайларда орнату үшін әзірленген және бірнеше су жинау нүктелерінде (ваннада, асүйде, дәретханада) ыстық сумен қамтамасыз ету мүмкіндігімен (ішуге арналмаған) қайнау нүктесінен төмен суды жылытуға және берілген температураны автоматты режимде әрі қарай сақтауға арналған.

Суды жылыту уақыты сужылытқыштың көлеміне және қыздырғыш элементтің қуатына байланысты болады.

1.2. Негізгі элементтер

1.2.1. Ішкі бак

1.2.2. Минималды жылу шығындарын қамтамасыз ететін пенополиуретаннан жасалған жылуоқшаулау

1.2.3. Қыздырғыш элемент (ТЭН)

1.2.4. Қалаған су жылыту температурасын орнатуға мүмкіндік беретін температураны реттегіш

1.2.5. Сужылытқыштың ішінде суды қыздыру температурасын бақылайтын термостат

1.2.6. Салқын судың сужылытқышқа кірісінде орнатылатын және салқын сумен жабдықтау магистралінде су болмаған жағдайда, сужылытқыштан суды қайтаруды болдырмау функциясын және ішкі бакты артық қысымнан қорғау функциясын атқаратын сақтандырғыш клапан

1.2.7. Ішкі бакты коррозиядан қосымша қорғауды қамтамасыз ететін магний аноды

ҚОСЫМША ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Үлгілік қатар	WH-ER030MNaN/W	WH-ER051MNaN/W	WH-ER081MNaN/W	WH-ER101MNaN/W
Салмағы (кг)	12	15	19	23
Монтаждау	Тік	Тік	Тік	Тік

Бұл бұйым IEC 60335-1 және IEC 60335-2-21 халықаралық электрлік қауіпсіздік нормаларына сәйкес келеді. Бұл қондырғы келесі Кеден одағының Техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011

- «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011

2. ОРНАТУ

Назар аударыңыз! Сужылытқышты монтаждау және баптау жұмыстарын қолдануыстағы ережелер мен санитарлық-гигиеналық нормаларға, сонымен қатар берілген нұсқаулықта келтірілген талаптарға сәйкес білікті маман орындауы тиіс.

2.1. Сужылытқышты қабырғаға бекіту

2.1.1. Сужылытқыш кронштейн мен ілмектердің көмегімен негізгі қабырғаға орнатылады.

Диаметрі 12 мм-ден төмен болмайтын ілмектерді пайдаланған жөн (жеткізу жинақтамасына кірмейді).

Таңдалған модельге байланысты Сізге осындай 2 немесе 4 ілмек қажет болуы мүмкін.

2.1.2. Дайындалған бекітілім суға толтырылған сужылытқыштың үш еселік салмағын көтере алуы тиіс.

2.1.3. Жылу шығындарын қысқарту үшін аспапты су бөлетін түйіннен минималды қашықтықта орнатқан жөн (1-сур., А).

2.1.4. Техникалық қызмет көрсету үшін аспаптың астында 50 см-ден кем болмайтын, ал төбеден 10 см бос кеңістікті қамтамасыз ету қажет.

2.1.5. Қабырғада ілмектерді монтаждау оларда сужылытқыш кронштейнінің өз бетінше жылжуын болдырмауы тиіс. Орнатқаннан кейін міндетті түрде бекітілімнің беріктігін тексеріңіз.

2.1.6. Ыстық сумен жабдықтау жүйесінің ақаулықтары жағдайында тұтынушы және (немесе) үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіруге жол бермеу үшін сужылытқышты монтаждауды едендерде гидрооқшаулауы және кәріз жүйесіне құрғатқышы бар үй-жайларда жүргізу қажет, қандай жағдай болмасын сужылытқыштың астына судың әсеріне ұшырағыш заттарды қоймау керек.

2.1.7. Сужылытқышты қорғалмаған үй-жайларда орналастырған кезде оның астына кәріз жүйесіне құрғатқышы бар қорғаныс түпқоймасын орнату қажет.

2.2. Гидравликалық қосылыс

Назар аударыңыз! Жеткізу жинақтамасына кіретін сақтандырғыш клапанды орнату міндетті талап болып табылады.

Сақтандырғыш клапан мен сужылытқышқа суық судың кіретін жері арасында кез келген ілмекті арматураны орнатуға, сондай-ақ сақтандырғыш клапанның біріккен саңылауын бұғаттауға тыйым салынады. Сужылытқышты сумен жабдықтау жүйесіне қосу, ажырайтын қосылыстардың көмегімен жүзеге асырылуы тиіс.

Стандартты қосу

2.2.1. Жеткізу жинақтамасына кіретін сақтандырғыш клапанды (2-сур., А) суық судың (көк шығыршықпен белгіленген) сужылытқышқа кіретін жерінде орнату қажет.

2.2.2. Сақтандырғыш клапанның кіріс келтеқұбырын салқын су магистраліне құбырдың немесе иілгіш құбыршектің көмегімен қосыңыз.

2.2.3. Сужылытқыштан ыстық судың шығатын жеріне (қызыл шығыршықпен белгіленген) ыстық суды су жинау орнына бұру үшін құбырды немесе икемді құбыршекті қосыңыз.

2.2.4. Қызмет көрсетудің ыңғайлығы үшін салқын судың сужылытқышқа кіретін жері мен сақтандырғыш клапан арасында бекітіп шүмегі бар ұшайырды (2-сур., В) орнату ұсынылады.

Бұл сақтандырғыш клапан демонтаждамай сужылытқыштан суды төгіп тастауға мүмкіндік береді.

2.2.5. Суды төккен кезде баққа ауаның қолжетімділігін жеңілдету үшін сужылытқыштың ыстық су шығатын жеріне бекітіп шүмегі бар ұшайырды орнату ұсынылады.

2.2.6. Су өткізгіш желінің қысымы 5 бардан жоғары болған жағдайда сақтандырғыш клапаны алдында су қысымы редукторын орнату қажет.

2.2.7. Құрылғы кереметтігі 12 F төмен болатын сумен жұмыс істеуге есептелмеген. Кереметтігі 25 F жоғары болатын су кезінде қақтың пайда болуын азайту және қыздырғыш элементтің істен шығу ықтималдығын азайту үшін жұмартқышты пайдалану қажет. Бұл ретте су кереметтігі 15°F төмен түспеуі тиіс.

Суы бар ашық резервуарға қосу


2.2.8. Сужылытқышқа су резервуардан өздігінен келіп түседі. Бұл ретте резервуар сужылытқыштың жоғарғы нүктесінен 2 метр жоғары болуы тиіс. Бұл қосу нұсқасында сақтандырғыш клапанның болуы міндетті емес.

2.3. Электрлік қосылым


Назар аударыңыз! Аспапты электрлік монтаждауды қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтай отырып, білікті маман орындауы тиіс. Өндіруші-фирма қате жерге тұйықтау немесе электр қуаты нүктесінің қате параметрлері салдарынан аспаптың зақымдануы үшін жауапты болмайды.

2.3.1. Егер аспап электр кабелімен және ашамен жеткізілетін болса, оны тек электр қуаты көзіне қосыңыз.


2.3.2. Егер сужылытқыш электр қуаты кабелінсіз жеткізілетін болса, электрмен жабдықтау желісіне қосылу үшін сәйкес типтегі (H05VV-F 3x1,5 мм², Ø 8,5мм) кабельді пайдаланыңыз. Сужылытқыш қақпағын алып тастаңыз. Электр қуаты кабелін аспаптың қақпағында орналасқан саңылауға кигізіңіз және термостаттағы клеммаларға қосыңыз. Содан кейін әрбір сым сәйкес жерінен бекітілуі тиіс.

2.3.3. Сужылытқыш жерге тұйықталған болуы тиіс. Жерге тұйықтау схемасы сужылытқыш корпусында электрлік потенциалдың болмауын қамтамасыз етуі тиіс. Жерге тұйықтау сымын (жасыл-сары түсті)  белгісімен белгіленген клеммаға қосқан жөн. Электр қуаты кабелін кабельдік қысқыштардың көмегімен бекітіңіз.

Электр қуат көзі параметрлерінің сәйкестендіру тақтасында көрсетілген сужылытқыштың техникалық сипаттамаларына сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.



5 бұрандамалы ернеме



Автоклавы ернеме

- А Индикаторлық шамның түйіспелері
- В Жерге тұйықтау
- С Электр қуаты

3. ҚОСУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ

3.1. Пайдалануға беру

3.1.1. Орталық сумен жабдықтау жүйесінің ыстық су беруін жабыңыз. Сужылытқышты электр қуаты көзіне қосу алдында бакты міндетті түрде сумен толтырыңыз.

Ол үшін қоспалауыштағы ыстық су шүмегін ашыңыз, содан соң сужылытқышқа салқын су беру шүмегін ашыңыз.

3.1.2. Сужылытқыш толғаннан кейін қоспалауыштан су ағады. Ернемекте ағып кететін жерлердің жоқтығын тексеріңіз.

Қажет болған жағдайда оны ортаға дал келтіріңіз және ернемектегі сомындарды тартыңыз.

3.1.3. Қоспалауыштағы ыстық су шүмегін жабыңыз.

3.1.4. Аспапты электр қуаты көзіне қосыңыз.

3.2. Температураны реттеу

3.2.1. Сыртқы температураны реттегішпен жабдықталған модельдерде суды жылыту температурасын белгілерге сәйкес термостатпен байланысқан тұтқаммен реттеуге болады.

3.2.2. Температураны жылыту температурасын арттыру үшін сағат тілі бағытымен және оны азайту үшін сағат тіліне қарсы бағытта реттеу тұтқасын айналдыру арқылы орнатылады.

3.2.3. Индикаторлық шам қыздыру фазасы кезінде тұрақты түрде жанады және белгіленген температураға жеткеннен кейін сөнеді.

3.2.4. Егер модельде сыртқы температураны реттегіш болмаса, онда оны «+» және «-» белгілерімен белгіленген аралықта термостаттың реттегіш бурамасын айналдырып отырып, орнатуға болады. Ол үшін сужылытқышты электр қуаты көзінен ажырату және аспаптың пластик қақпағын алып тастау қажет.

3.2.5. Термостаттың реттегіш бураңдасын максималды мәннің шамамен 75%-ына сәйкес келетін күйге орнатқан жөн. Бұл жағдайда аппарат қақтың пайда болу жылдамдығы айтарлықтай азайта отырып, үнемі режимде жұмыс істейді.

4. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ

Назар аударыңыз! Аспапты өз бетіңізше жөндеуге әрекет жасамаңыз. Техникалық қызмет көрсетуге мен жөндеуге қатысты барлық жұмыстарды қауіпсіздік техникасы ережелерін, сонымен қатар осы нұсқаулықта келтірілген талаптарды сақтай отырып, білікті маман орындауы тиіс.

4.1. Суды ағызу

Егер аспапты орнату орнында температураның 0°C-ден төмендеу ықтималдығы бар болса, суды сужылытқыштан ағызып жіберу қажет.

4.1.1. Аспаптың электр қуатын сөндіріңіз.

4.1.2. Аспаптың ішіндегі судың температурасы қауіпсіз екендігіне көз жеткізіңіз.

4.1.3. Сужылытқышқа салқын судың берілуін тоқтатыңыз.

4.1.4. Бактың ішінде қысымды түсіру үшін қоспалауыштағы ыстық су шүмегін ашыңыз.

4.1.5. Ауаның баққа қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ыстық судың сужылытқыштан шығатын жерінде (қызыл шығыршықпен белгіленген) орнатылған ұшайырдағы бекітпе шүмекті ашыңыз. Ол болмаған жағдайда сужылытқыштан шығатын жерде қосылыстарды қайта құрастыру қажет.

4.1.6. Кәріз жүйесіне бағытталған құрғатқыш құбыршекті салқын судың сужылытқышқа кіретін жерінде орнатылған (көк шығыршықпен белгіленген) ұшайырдағы бекітпе шүмекке қосыңыз және оны ашыңыз. Ол болмаған жағдайда құрғатқыш құбыршекті сужылытқышқа кіретін жерге орнату қажет.

4.1.7. Ағызғаннан кейін сужылытқыштың ішінде судың жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.

Сужылытқыштың ішінде судың қатып қалуы қайтарылмайтын өзгерістер мен ақаулықтарға алып келеді.

Бұл жағдайда өндіруші барлық кепілдік міндеттемелерден босатылады.

4.2. Ішкі элементтерді алмастыру

Жұмыстарды бастамас бұрын аспапты электр қуаты көзінен ажыратыңыз және сужылытқыштан суды ағызып тастаңыз.

Аспаптың қақпағын алып тастаңыз.

Термостатты алмастыру үшін оны қуат тізбегінен ажыратыңыз және бекіткіш бурамаларды бурап шығарыңыз.

Қыздырғыш элемент пен магний анодын алмастыру үшін (автоклавы ернемекі бар модельдер) сомынды бураңыз (3-сур., D), ернемектің тоғынын алыңыз (3-сур., S) және ернемекті ішке сығып шығарыңыз (3-сур., F). Ернемекті осы бойымен бұрай отырып, шығарыңыз.

Қыздырғыш элемент пен магний анодын алмастыру үшін (5 бураңдамадағы ернемекі бар модельдер) S сомынды бурап шығарыңыз (4-сур., C) және ернемекті алып тастаңыз (4-сур., F).

Алмастырғаннан кейін барлық компоненттердің өз орындарына қайта орнатылғандығына көз жеткізуіңізді өтінеміз.

Ернемек төсеміс әрбір қайталап жинағаннан кейін алмастырған жөн.

Жөндеу немесе қызмет көрсету бойынша кез келген операцияны жүргізудің алдында аспапты электр желісінен ажыратыңыз.


Тек өндіруші-зауыт қана шығаратын қосалқы бөлшектерді қолданыңыз.

4.3. Үнемі қызмет көрсету

4.3.1. Магний аноды

Магний аноды сұққармадас ыдыс пен қыздырғыш элементті (ТЭН) коррозиядан қорғау жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Магний анодының күйін ЖЫЛ САЙЫН тексеріп тұру қажет. Қатты тозған жағдайда магний анодын алмастыру қажет. Тозған магний аноды кезінде (қалдық көлемі бастапқыдан 30%-дан аз) сұққармадас ыдыс пен қыздырғыш элементке берілетін кепілдік жарамсыз. Магний анодын 24 айдың ішінде кем дегенде 1 рет алмастыру қажет (сұққармадас ыдысы тот басыптын болаттан жасалған сужылытқыштардан басқа).

Магний аноды шығыс материалы болып табылады және кепілдік бойынша алмастырылуға тиесілі емес.




4.3.2. Сақтандырғыш клапан

Сақтандырғыш клапан салқын сумен жабдықтау магистралінде су болмаған жағдайда сужылытқыштан суды қайтаруды болдырмайды; қыздыру нәтижесінде су көлемінің артуынан ішкі бакта болатын артық қысымды салқын сумен жабдықтау магистраліне (ішкі бак пен салқын сумен жабдықтау магистралі арасындағы қысым айырмашылығы бір атмосферадан жоғары болған кезде) және/немесе сақтандырғыш клапанның құрғатқыш саңылауы арқылы төмендетуді қамтамасыз етеді. Сақтандырғыш клапанның (артық қысымнан қорғау құрылғысы) бұғатталмауын немесе зақымданбауын үнемі тексеріп тұрыңыз. Қажет болған жағдайда оны алмастырыңыз немесе әкті қатпарды жоюыңыз.

Егер сақтандырғыш клапан иінтірекен жабдықталған болса, соңғысын көтеруді клапанның дұрыс жұмыс істейтінін үнемі тексеру мақсатында пайдалануға болады.

Сақтандырғыш клапанның құрғатқыш саңылауынан қыздыру режимінде су тамшылары пайда болуы мүмкін. Бұл қыздыру процесінде судың жылулық кеңеюімен байланысты қалыпты процесс болып табылады. Сақтандырғыш клапанның құрғатқыш саңылауын кәріз жүйесімен қосқан жөн.



Су өткізгіш желінің қысымы 5 бардан жоғары болған жағдайда сақтандырыш клапаны алдында су қысымы редукторын орнату қажет.

4.3.3. Қорғаныстық сөндіру құрылысы (ҚСҚ)


Егер аспап электр қуаты кабелінде орналасқан қорғаныстық сөндіру құрылғысымен (ҚСҚ) жеткізілетін болса, онда сұжылтықша бағын сумен толтырғаннан кейін және жүйенің саңылаусыздығын тексергеннен кейін сұжылтықштың электр ашасын розеткаға қосыңыз және келесі әрекеттерді орындаңыз:

- ҚСҚ корпусында «RESET» түймесін басыңыз. Қуаттың берілгендігі туралы хабарлайтын индикатор жанады.

- «TEST» түймесін басыңыз. Кернеудің берілуі тоқтайды және қуат индикаторы сөнеді.

- «RESET» түймесін қайта басыңыз. Егер қуат индикаторы жанатын болса, бұл құрылғыны қауіпсіз пайдалануға болатындығын білдіреді.

- Егер «RESET» түймесін басқаннан кейін қуат индикаторы жанбайтын болса, жақын маңдағы авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.



4.3.4. Қыздырыш элемент (ТЭН)

Түтік тәрізді электр қыздырғышы (ТЭН) электр энергиясын жылу энергиясына түрлендіру жолымен ішкі бакта суды жылытуға арналған.


Оның беткейінде әкті қатпардың (қақтың) пайда болуы жылу таратудың нашарлауына, қыздырғыш элементтің артық қызуына және мерзімінен бұрын істен шығуына әкелуі мүмкін. Үнемі бақылап тұрыңыз және қажет болған жағдайда қақты жоюға арналған құралдың көмегімен беткейнен қақты жойыңыз.

Қыздырыш элементке берілетін кепілдік бір немесе бірнеше шартты орындаған жағдайда жарамсыз:

- су кереметігі 25°F асады;

- ТЭН беткейіндегі қақ қабатының қалыңдығы 5 мм-ден асады;

- магний анодының қалдық өлшемі бастапқыдан 30%-дан төмен өлшемді құрайды.



4.4. Назар аударыңыз

4.4.1. Өндіруші қате қосу немесе берілген нұсқаулық талаптарын сақтамау салдарынан келтірілген залал үшін жауапкершілікке ие болмайды.

4.4.2. Сантехникалық сымдар мен ілмекті арматура су өткізгіш желінің параметрлеріне сәйкес келуі тиіс.

4.4.3. Сұжылтықшы тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі электр аспабы болып табылады.

4.4.4. 50°C-ден жоғары ыстық су типті нәтижесінде өлімге әкелетін, қатты күйіп қалууды туғызуы мүмкін. Балалар, қарт адамдар мен денсаулығы әлсіз адамдар көп жағдайда күйіп қалу қаупіне ие.

4.4.5. Сұжылтықштан су ағуы мүмкін, сондықтан оның астында құнды заттар мен бұйымдарды қалдырмаңыз.

4.4.6. Егер аспапты орнату орнында температураның 0°C-ден төмендеуі ықтималдығы бар болса, суды сұжылтықштан ағызып жіберу қажет.

4.4.7. Сұжылтықшты монтаждау және қосу сатып алушының есебінен орындалады.

4.4.8. Бұйымның сыртқы корпусындағы термооқшаулау іздері өндірістік процестің технологиялық ерекшелігі болып табылады және ақаулық болып табылмайды.

4.4.9. Аспапты жөндеу жұмыстарының барлығын және қызмет көрсетуді тек сұжылтықшты электр қуаты көзінен ажыратқаннан кейін ғана орындау қажет.

4.4.10. Барлық ақаулықтарды тек жөндеу ұйымдарының мамандары ғана жояды.

4.4.11. Ақаулық пайда болған жағдайда сұжылтықшты электр қуаты көзінен ажыратыңыз, салқын судың жіберілуін тоқтатыңыз және ақаулық туралы сервистік қызметке хабарлаңыз.

4.4.12. Сервистік орталыққа жүгіну алдында ақаулықтың сумен жабдықтаумен немесе электр қуаты іркілістерімен байланысты емес екендігіне көз жеткізіңіз.

Кепілдік қызмет көрсетуге қатысты барлық сұрақтар бойынша жақын маңдағы авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

4.5. Тыйым салынады

4.5.1. Сұжылтықш құрылымын өзгертуге.

4.5.2. Тік модельдерді көлденең, ал көлденең модельдерді тік орнатуға.

4.5.3. Сұжылтықшты мақсатынан тыс пайдалануға.

4.5.4. Пайдалану кезінде сұжылтықшты еңкейтуге, жылжытуға немесе аударуға.

4.5.5. Сақтандырыш клапанның төкпе саңылауын жабуға немесе бітеуге.

4.5.6. Егер сұжылтықш сумен толтырылмаған болса, электр қуатына қосуға.

4.5.7. Электр қуаты қосулы болған кезде аспаптың пластик қақпағын алып тастауға.

4.5.8. Сұжылтықшты қате жерге тұйықтау кезінде немесе ол болмаған жағдайда қосуға.

4.5.9. Жерге тұйықтау ретінде жылғыту немесе салқын және ыстық сумен жабдықтау құбырлар жүйесін пайдалануға.

4.5.10. Электр қуаты көзіне қосу үшін ұшайырларды, узартқыштарды және жалғастырыш тетіктерді пайдалануға.

4.5.11. Қыздырғыш элемент немесе термостат істен шыққан кезде сұжылтықшты қосуға.

4.5.12. Су өткізгіш желі қысымы 5 бардан жоғары болған кезде сұжылтықшты су қысымы редукторынсыз пайдалануға.

4.5.13. Максимумды қысымда 80°C-ден жоғары температураға есептелмеген құбырлар мен фитингтер сұжылтықшты қосуға.

4.5.14. Сұжылтықшты су өткізгіш желіге сақтандырыш клапансыз немесе жеткізу жинақтамасындағыдан басқа сипаттамаларға ие клапанмен қосуға.

4.5.15. Сақтандырыш клапанды сұжылтықштың ыстық су шығаратын жеріне қосуға.

4.5.16. Аспапты желдетілмейтін және дымқыл үй-жайларға орнатуға.

4.5.17. Сұжылтықшты теріс температураларда пайдалануға.

4.5.18. Аспапты тікелей күн сәулелерінің әсеріне ұшыратуға.

Өндіруші алдын ала хабарландырыс бұйымның құрылымына, дизайнына, жинақтамасына және өзге сипаттамаларына кішігірім өзгерістерді енгізу құқығына ие.




Бұл бұйым WEEE 2012/19/EU Директивасының талаптарына сәйкес келеді.

Сызып тасталған қоқыс себетінің белгісі қолданыстағы заңнаманың әрекет ететін нормаларына сәйкес бұл бұйымды тұрмыстық қалдықтардан бөлек қадеге жарату жөн екендігін білдіреді.


Тұтынушы қоршаған ортаны қорғауға жағдай жасап, бұйым жасалған материалдарды қайта пайдалануды қамтамасыз ете отырып, қондырғының дұрыс қадеге жарату жауапкершілігіне ие болады.

Сәйкестендіру тақтасы Data plate


1					
2					
Nr					
Mod .			3		
4			5		
MPa		6		7	
8		9 Hz		10	
11		11			

- | | |
|--|---|
| 1. Сауда маркасы | 1. Brand |
| 2. Сериялық нөмірі немесе модель коды | 2. Serial number or product code |
| 3. Үлгісі | 3. Model |
| 4. Fe+Enamel бак материалы - эмаль жабыны бар болат
Inox немесе Stainless Steel - тот баспайтын болат | 4. Tank material
Fe+Enamel - enamel steel
Inox orStainless Steel - stainle ss steel |
| 5. Максималды қысым | 5. Maximum pressure |
| 6. Көлемі | 6. Volume |
| 7. Атаулы қуат | 7. Rated power |
| 8. Кернеуі | 8. Voltage |
| 9. Ток жиілігі | 9. Current frequency |
| 10. Өндіруші ел | 10. Countryof origin |
| 11. Қорғаныс класы | 11. Protection rating |

Сериялық нөмірі Serial number



Жинақтаушы электр су жылытқышын монтаждау бойынша ұсыныстар Recommendation on the storage water heater installation




Жиынтықта нұсқаулық пен сақтандырғыш клапан
Manual and safety valve are included


I

II

Су бөлгіш нүктеге мүмкіндігінше жақын орнату орнын таңдаңыз
Choose installation location as close as possible to the point of water use




III




IV

ЫСТЫҚ СУ | HOT WATER
СҮЙІК СУ | COLD WATER







- (A) Сақтандырғыш клапан
Safety valve
- (B) Бекітпе шүмері бар ұшайыр
Tee with stopcock
- (C) Төкпе құбыршегі
Drain hose
- (D) Бекітпе кран
Stopcock




СҮЙІК СУ | COLD WATER
ЫСТЫҚ СУ | HOT WATER


V



Сұжылытқыш құрылғысы Water heater device





1. Сыртқы корпус
2. Кронштейн
3. Ішкі бак
4. Ыстық судың шығысы
5. Магний аноды
6. Суық судың кірісі
7. Жылуқшаулау
8. Термостат гильзасы
9. Қыздырғыш элемент (ТЭН)
10. Ернемек
11. Термостат
12. ҚСҚ (қосымша)
13. Қуат беру кабелі (қосымша)
14. Реттегіш тұтқасы (қосымша)











1. Outerhousing
2. Bracket
3. Innertank
4. Hotwateroutlet
5. Magnesium anode
6. Cold watet inlet
7. Thermal insulation
8. Thermost at shell
9. Heating element
10. Flange
11. Thermostat
12. RCD (optional)
13. Powersupplycable (optional)
14. Knob (optional)

Орнату схемасы Installation scheme



Өлшемдері Dimensions

Ø	MODEL	A	B	C	D	E	L	M	X	Y	Z
353	30V	588	145	-	-	96,5	-	-	353	383	-
	40V	719	145	-	-	96,5	-	-	353	383	-
	50V	837	145	-	-	96,5	-	-	353	383	-
	65V	981	145	-	-	96,5	-	-	353	383	-
	80V	1178	145	-	-	96,5	-	-	353	383	-
	30H	588	64,5	141	242	-	-	-	353	383	196,5
	40H	719	64,5	141	373	-	-	-	353	383	196,5
	50H	837	64,5	141	491	-	-	-	353	383	196,5
450	65H	981	64,5	141	635	-	-	-	353	383	196,5
	80H	1178	64,5	141	832	-	-	-	353	383	196,5
	50V	553	163	-	-	165	-	-	450	480	-
	80V	758	163	-	-	165	-	-	450	480	-
	100V	913	166	-	-	165	-	-	450	480	-
	120V	1108	166	-	-	165	-	-	450	480	-
	150V	1338	164	-	944	165	-	-	450	480	-
	50H	553	113	159	160	-	-	-	450	480	245
80H	758	113	174	335	-	-	-	450	480	245	
100H	913	113	177	487	-	-	-	450	480	245	



www.dexp.club